"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 911 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі бәсекелестікті қорғау жөніндегі және монополиялық қызметті шектеу саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін бере отырып, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігін (Монополияға қарсы агенттік) (бұдан әрі - Агенттік) бөлу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитетін таратсын;

2) таратылатын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің штат санын құрылатын Агенттікке беруді қамтамасыз етсін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Агенттік таратылатын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің міндеттемелері бойынша құқық мирасқоры болып белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы

а г е н т т і к) " .

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК